

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы N 706 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 356 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 28, 355-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен мақұлданған Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамытудың тұжырымдамасында:

1-шарт 2) тармақшасының екінші абзацында "банк құпиясын," деген сөздер алынып тасталсын;

4-шарт екінші бөлігінің 4) тармақшасы алынып тасталып, 3) тармақшадан кейін нүкте қойылсын;

6-шарттың 2) тармақшасында "сауданы ұйымдастыру мен қолдау" деген сөздер "саудаға қатысу" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамытудың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2001-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

"Жергілікті капиталды мейлінше молынан шоғырландыру" деген 1-бөлімде: реттік нөмірі 1.2-жолда: 2-бағанда "Банктік құпияны," деген сөздер алынып тасталып, "бағалы" деген сөз бас әріппен жазылсын;

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заң жобасы";

5-бағанда "2001" деген сандар "2002" деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 1.6-жолдың 2-бағанында "банктік емес ұйымдарды" деген сөздер алынып тасталып, "брокер-дилер" деген сөз "брокер-дилерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.7-жолдың 5-бағанында "2001" деген сандар "2002" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.9-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат";

"Шетелдік капиталды әкелудің ырықтандырылған валюталық режимі,

капиталдың қайтарылуы және оны пайдаланудан алынған пайда. Орталық банктің айырбас бағамы саясатын қоса алғанда, ақша-несие саясатының болжамды болуы" деген 2-бөлімде:

реттік нөмірі 2.2-жол алынып тасталсын;

"Халықаралық беделі танылған шетелдік кәсіби қаржы делдалдарын рынокқа жіберудің ырықтандырылған режимі" деген 4-бөлімде:

реттік нөмірі 4.1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

2 - б а ғ а н :

"Отандық және шетелдік қаржы институттарын құру, тіркеу, олардың қызметін лицензиялау және реттеу рәсімдерін одан әрі жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізу";

4 - б а ғ а н :

"Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат";

5 - б а ғ а н :

" Т ұ р а қ т ы " ;

реттік нөмірі 4.4-жол алынып тасталсын;

"Қазақстандық қаржы рыногының жеткілікті дамуы" деген 6-бөлімде:

реттік нөмірі 6.1-жолда:

2-бағанда "дамуын қамтамасыз ету" деген сөздер "дамуына ықпал ету" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат";

реттік нөмірі 6.2-жолда:

2-бағанда "сауданы ұйымдастыру" деген сөздер "саудаға қатысу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат";

реттік нөмірі 6.4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

2 - б а ғ а н :

"Төлем карточкаларының ұлттық жүйесін құру жөнінде жұмыс жүргізу";

4 - б а ғ а н :

"Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат";

5 - б а ғ а н :

" Т ұ р а қ т ы " ;

реттік нөмірі 6.6-жолдың 3-бағанында "ЭМРМ" деген сөз "ЭСМ" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Өртүрлі және жайлы тұрмыстық әрі бизнестік қызмет көрсету" деген 7-бөлімде:

реттік нөмірі 7.2-жолдың 3-бағанында "ЭМРМ" деген сөз "МБА" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 7.3-жолдың ", ЭМРМ" деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК